

Proceedings of IYSW, (2020), vol. 9, pp 115-121.

Journal homepage: <http://journals.sdu.edu.kz/index.php/iysw>



**International
Young Scholars'
Workshop**

Латын графикасына негізделген әліпби нұсқаларына лингвоәдістемелік талдау

Шынар Багиева

Аңдатпа

Қазақ тілінің әліпбиін реформалау – күн тәртібіндегі басты мәселе екені белгілі. Соңғы үш жылда үш әліпби (диграфты, апострофты және ақутты) нұсқасы ұсынылып, көпшілік талқысына түсті. Ғалымдар мен қалың бұқара үш нұсқаны да қолдамады. 2019 жылдың 21 қазанында Президент Қ. Тоқаев тіл мамандарына соңғы ақутты нұсқаны жетілдіру туралы тапсырма берді. Президент тапсырмасын орындау мақсатында Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл - Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының тілші ғалымдардан құралған жұмыс тобы жетілдірілген әліпби нұсқасын дайындады. Кейбір ғалымдар жетілдірілген нұсқадағы «и», «й», «у» дыбыстарының таңбалануымен келіспей, Ә. Жүнісбектің «Ұлттық әліпби» нұсқасын ұсынып, қарсы уәж білдірді. Біздің мақсатымыз – әліпби нұсқаларына (ақутты, жетілдірілген, ұлттық) лингвистикалық, әдістемелік талдау жасап, артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау және оқытуға ыңғайлы нұсқаны көрсету. Ол үшін талдау, салыстыру, жалпылау әдістері қолданылды. Нәтижесінде үш әліпби ішінен жетілдірілген әліпби нұсқасының қазақ жазуын дамыту әлеуеті жоғары екені, сондай-ақ қазіргі жазарман мен оқырман үшін көп қиындық туғызбайтыны анықталды.

Кілт сөздер: латын әліпбиі, қазақ жазуы, әдістеме.

Латын графикасына негізделген әліпби нұсқаларына лингвоәдістемелік талдау

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына сәйкес бекітілген, көпшілік арасында «ақутты әліпби» деп танылған әліпбиде 32 дыбыс таңбаланған, олардың 9-ы дауысты фонемалар, екеуі и/й, у дыбыстарын белгілейді. Таңбаланған дауыссыз фонемалардың саны – 22, олардың 19-ы бір таңбамен, екеуі (ш, ч) диграфпен таңбаланған. Әліпбиде 6 таңбаға ақут белгісі қойылған (ақут – диакритикалық белгі, негізінен екпінді білдіреді), олардың бесеуі – төл дыбыстар, біреуі – «у» әрпі. Бұл әліпбидің алдыңғы диграфты әліпбиге қарағанда өз артықшылықтары болғанымен, кемшіліктері де жоқ емес. Біздің пайымдауымыз бойынша олар:

- әліпбиді түзуде «ақут» диакритикалық белгісінің қолданылуы;
- «ш», «ч» дыбыстарын диграфтармен таңбалау;
- кирилл әліпбиінде ұқсас таңбаланған сыңар дыбыстардың әртүрлі таңбалармен берілуі;

- әліпбидегі дыбыстар ретінің қабылдауда қиындық тудыруы.

Латыннегізді әліпби қолданылатын әлем тілдерінде ақут диакритикасы белгілі бір мақсатта қолданылады. Мысалы, чех және словак тілдерінде созылыңқы дауысты á, é, í, ó, ú, ý дыбыстарының таңбасын беруде қолданылса, словак тілінде сонымен қатар буын жасайтын созылыңқы дауыссыз ě және ě дыбыстарының таңбасына қолданылады. Поляк тілінде дауыссыз ę, ś, ź, ń дыбыстарында қолданылып, оларды жіңішкерту қызметін атқарса, қысқа дауысты o дыбысын созылыңқы ó дыбысына айналдырады. Испан тілінде á, é, í, ó, ú әріптерінде қолданылып, екпін және омоним сөздерді бір-бірінен ажырату қызметін атқарады. Исланд тілінде дауысты á, é, í, ó, ú, ý дыбыстарының таңбаларына қолданылып, бұл дыбыстарда екпіннің қатты екенін, ирланд және венгр тілдерінде дауысты á, é, í, ó, ú дыбыстарының таңбаларына қолданылып, бұл дыбыстардың созылыңқылығын білдіреді [1]. Сонда біздің әліпбидегі ақутпен ерекшеленген ә, ғ, ң, ө, ү, у дыбыстарына қандай белгі тән. Созылыңқы дауысты не дауыссыз десек, профессор Ә. Жүнісбектің айтуынша, қазақ тілінде созылыңқы/қысқа дыбыс жоқ [2]. Жіңішкелікті білдіре ме десек, мұнда жуан да жіңішке де дыбыс жүр. Бұл дыбыстарға айырықша екпіннің де түспейтіні белгілі. Олай болса, әліпбиде ақуттың қолданылуы – орынсыз.

Екінші айта кететін мәселе - «ш», «ч» дыбыстарын диграфтармен таңбалау әліпби түзудегі бір дыбыс – бір әріп қағиғатына қайшы келеді. Яғни жалғамалы тілдер тобына жататын қазақ тілі үшін дыбыстардың диграфтармен таңбалануы тиімсіз. Бұл сөздерді шұбалаңқы етіп, оқытуда бірқатар қиындықтар тудырады.

Әліпбиде ы-і, к-қ дыбыстарының әртүрлі таңбалануы, у дыбысының ұ, ү дыбыстарынан мүлде бөлек берілуі, сондай-ақ і (i) мен й (i) дыбыстарының таңбалануы қабылдауды қиындатып, оқуда, жазуда интерференция құбылыстарына жол береді. Қазіргідей көп тіл білу қажеттілік болып отырған уақытта қазақ жазуын қолданушылардың қостілді, көптілді тұлға екенін ескеруіміз керек. Әліпбидегі *i* әрпі көп тілдерде и дыбысын таңбалайды. Сондықтан санасына и дыбысының бейнесі сіңісті болған тұлғаның оны *i* деп оқып кетуі қиындау. Мысалы: іш, тіс, көмір деген сөздерді иш, тис, көмир деп оқу орыстілді қауымның арасында кең өріс алуы мүмкін. Тіпті ағылшын не басқа да шетел тілдерін меңгерген қазақтілділер де бұл таңбаны и дыбысын таңбалайды деп шатастыруы ықтимал. Ал *й* дыбысын таңбалаған *l* (ноқатсыз ай таңбасы) әрпі түркі

тілдерінің көпшілігінде ы дыбысын беретіндіктен, жоғарыда айтылған қиындықтар болады деп санаймыз.

Әліпбидегі әріптер ретінің латын әліпбиінде қалыптасқан тәртіппен берілуі қазақ тілінің иелмені үшін қолайсыз. Себебі қазақ тілінің иелмені өз санасында қалыптасқан жүйе бойынша і-нің қасынан ы-ны, к-нің қасынан қ-ны іздейтіні анық. Сайып келгенде бұл қазақ тілі иелменінің санасында қалыптасқан дыбыстар жүйесін бұзып, әрі-сәрі күйге түсіреді. Бұл оқытуда міндетті түрде теріс көрініс табады.

Қазіргі кезде Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасымен Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл - Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының тілші ғалымдардан құралған жұмыс тобы ақутты әліпбиді жетілдіріп, «жетілдірілген әліпби» жобасын дайындады.

Жетілдірілген әліпби жобасы

№	Латын	Кирил	Әріптің аты	№	Латын	Кирил	Әріптің аты
1	A a	А а	<i>a</i>	17	Ю ю	Ў ў	<i>ўы</i>
2	Ä ä	Ә ә	<i>ә</i>	18	O o	О о	<i>o</i>
3	B b	Б б	<i>бы</i>	19	Ö ö	Ө ө	<i>ө</i>
4	D d	Д д	<i>ды</i>	20	P p	П п	<i>пы</i>
5	E e	Е е	<i>e</i>	21	Q q	Қ қ	<i>қы</i>
6	F f	Ф ф	<i>фы</i>	22	R r	Р р	<i>ыр</i>
7	G g	Г г	<i>gi</i>	23	S s	С с	<i>сы</i>
8	Ğ ğ	Ғ ғ	<i>ғы</i>	24	Ş ş	Ш ш	<i>шы</i>
9	H h	Х х (Һ һ)	<i>хы</i>	25	T t	Т т	<i>ты</i>
10	I i	Й й (И и)	<i>ий</i>	26	U u	У у	<i>уу</i>
11	I i	І і	<i>i</i>	27	Ū ū	Ұ ұ	<i>ұ</i>
12	J j	Ж ж	<i>жы</i>	28	Ü ü	Ү ү	<i>ү</i>
13	K k	К к	<i>кі</i>	29	V v	В в	<i>вы</i>
14	L l	Л л	<i>ыл</i>	30	Y y	Ы ы	<i>ы</i>
15	M m	М м	<i>мы</i>	31	Z z	З з	<i>зы</i>

16	N n	Н н	ны					
----	-----	-----	----	--	--	--	--	--

Әліпби 31 әріптен тұрады. Олардың 9-ы дауысты дыбыстарды таңбалайды. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл - Қазына» орталығының ғалым хатшысы А.Фазылжанның көрсетуінше, әр диакритикалық белгі өз қызметіне сай қолданылған:

- Ә, Ө, Ү жіңішке дауысты дыбыс таңбасына – *умлаут*,
- жуан дауысты Ү дыбысына – *макрон*,
- ұяң Ғ дауыссызына – *бревис*,
- ызың Ш дауыссызына – *седиль* алынды [3].

Сондай-ақ А.Фазылжан кириллнегізді әліпби мен латыннегізді әліпбиде әріптердің орналасуының өз реті бар екенін, сол себепті әліпбиде әріптердің латын әліпбиінің қалыптасқан тәртібімен орналастырылғанын айтады: А, В, D, E, F, G, H, I, J, K, L, M, N, O, P, Q, R, S, T, U, V, Y, Z. Базалық әріпке диакритика қосу немесе базалық әріпті түрлендіру арқылы жасалған әріп сол базалық әріптен соң қойылды:

- Аа-дан кейін Ä ä,
- Gg-ден кейін Ğ ğ,
- І і-ден кейін I i,
- Nn-дан кейін Ñ ñ,
- Oo-дан кейін Ö ö,
- Ss-дан кейін Ş ş,
- Uu-дан кейін Ū ū мен Ü ü әріптері орналастырылды [3].

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты атынан профессорлар Ерден Қажыбек, Әлімхан Жүнісбек бастаған бір топ ғалымдар да «ұлттық әліпби» деген атау алған әліпби жобасын ұсынып жүр.

Қазақ ұлттық латын әліпбиі
Aa, Ää/Әә, Bb, Dd, Ğğ, Gg, Ee,
Jj, Zz, Yy, Qq, Kk, Ll, Mm, Nn, Dñ,
Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Üü,
Ww, Ii, İi, Şş.

Бірінші топ «әліпбишілердің» пікірінше, әліпби мен еміле жазу оқуға жеңіл, басқаша айтқанда сөздің жазылымы (орфографиясы) «үнемді» және «ықшам» болу керек. Сондықтан кейбір дыбыс тіркестерін бір таңбамен (әріппен) белгілеу керек деп, кирилл ұстанымын басшылыққа алады. Сонда әріп тізбегі ықшамдалады. ... Екінші топ «әліпбишілердің» пікірінше әліпби мен еміле ең алдымен сөздің (тілдің) фонетика-морфологиялық (дыбыс, буын, морфем, тасымал) табиғи құрылымын бұзбай, керісінше, тиянақты және тұрақты түрде сақтап отыруы керек. Сөз құрамындағы дауысты/дауыссыз дыбыстар, буын түрлері, морфем үлгілері өз таңбаларымен өз орнында тұру керек. Мысалы, сұу [suw], қый [qıy], сұуұу [suwuw], қыйылұу [qıyılıw], сонда буынға табиғи жолмен бөлінеді [su-wuw], [qı-yı-luw], осы ретпен тасымал жүреді. Теориялық

ұстанымдары, біріншіден, тіліміз үндесім әуезді тіл, үндесімді сақтау үшін әрбір дыбыс (әріп) жұтылып кетпей өз орнында көрініп тұру керек, екіншіден, тіліміздің басты типологиялық белгісі – жалғамалық (агглютинация) – жоғалмауға тиіс, ешбір қазақ көпбуынды сөзді айта алмай тұншығып, оқи алмай көзі тұнып жатқан жоқ. Үндесім әуез бен жалғамалылық жойылса тіл де жойылады [3].

Ғалым й дыбысын «шала да» емес, «жартылай да» емес, «қысқа да» емес, өзге дауыссыздармен мәртебесі тең жасалым (артикуляциялық) бірлік дейді. Сондай-ақ у дыбысының тағы да орыстың созылыңқы у[u:] дыбысының қанжығасында кетіпті деп қынжылады. Ә.Жүнісбек: «...бұған дейінгі ақут әліпбиде сөз бен буын жазылымында дауысты әріп жоғалып кетіп еді: жұу үш дауыссыз дыбыстың тіркесі. Енді умлаут әліпби бойынша сөз және буынның жазылымынан дауыссыз дыбыс жоғалып кетті: а-UA, ә-UE, а-UU, ja-UU, sa-UU» деп екі әліпбидің кемшін тұстарын көрсетеді. Талдау арқылы ойын одан әрі дәйектей түседі:

- фонетикалық талдауға ауу [auu], жуу [juu] сөзі келді, дауысты/дауыссызға қалай талданбақшы, мүмкін емес (а-дауысты, u-дауысты, u-дауысты) жаппай дауысты, дауыссызы жоқ, өйткені әліпби дұрыс «жетілдірілмеген»;
- морфем талдау – қазақ сөзінің құрамында екі дауысты қатар тұрмайды (түбір дауыстыға бітіп, қосымша дауыстыға басталып тұр);
- буын талдау – сөз ішінде буын дауысты дыбыстан басталмайды (бітеу буын да, тұйық буын да ашық буынға айналып кетіп тұр).

Сонымен ұсынылған әліпби жобаларын талдай келгенде, жетілдірілген әліпбидің оқытудағы ұтымды жақтары туралы тұжырымдарымыз төмендегідей:

- Әліпбидегі а-ә, о-ө, ұ-ү дыбыстарының бір таңбамен жасалып, жіңішкелікті умлаут таңбасымен беруі әдістемелік тұрғыдан алғанда дыбыстарды қабылдауды, есте сақтауды жеңілдетеді.
- Ш дыбысын таңбалауда қос таңбаны қолданбай, бір таңбамен белгілеу және жалпы түркі жұртына таныс таңбаның алынуы. Бұл да қостілді, көптілді иелмен үшін таңбаны тануда ыңғайлы әрі сөздердің шұбалаңқы болуына жол бермейді. Сол себепті оқытуда оңай меңгертіледі.
- Әліпбидегі әріптер реті алдыңғы ақутты әліпбиге қарағанда біршама реттелген. Бірақ әлі де қабылдауға қиындық тудыратын тұстары бар. Мысалы, ы-і, қ-к дыбыстарының бір-бірінен алшақ орналасуы әліпбидің тұтас жүйе ретінде есте сақталуына кедергі келтіреді.

Жетілдірілген әліпбидің оқытуда қиындық тудыратын тұсы:

I дыбысының кирилл әліпбиіндегі тұрпаты латын әліпбиінде болғанына қарамастан ноқатсыз таңбамен берілуі әрі бұл таңбаның түркі тілдері тәжірибесінде ы дыбысын беруі. Бұл жазуда, оқуда интерференция құбылыстарының орын алуына себеп болады. Мысалы, тұлға іс сөзін ыс деп оқып, жазып, «ұлы Сталинді» «улы Сталин» деген сияқты қателікке ұрынуы мүмкін. Алайда оны оқытуда ескеріп, тиімді жаттығулар арқылы түзетуге болады деген үміттеміз.

Ал ұлттық әліпбиді қолдаушылар көрсеткендей й дыбысын у таңбасымен беріп, таратып жазу оқытуда біраз машақаты көп жұмыстарға әкеледі. Осы идеяны қолдаушылар көрсеткендей, й дыбысын төл сөздерде таратып жазып, кірме сөздерде і таңбасымен беріп, оны арнайы ережемен бекіту әдістемелік тұрғыдан тиімсіз деп санаймыз. Қазақ тілінде

шамамен 9000-ға жуық кірме сөз бар десек [4], оның 400-ге жуығы и, й әріптерінен басталатын сөздер (құрамында и, й әріптері барын қоспағанда) екен. Осынша кірме сөзге әліпбиде таңба бермей, тек ережеге ескерту беру арқылы жазу қаншалықты тиімді? Ал мектеп табалдырығын жаңа аттаған жас балаға интернет, йод сөздері кірме сөздер оларды і-мен жазамыз деу қаншалықты өтімді. Бірінші сынып оқушысының психофизиологиялық дамуы, тілдік білімі төл сөздер мен кірме сөздерді ажырата алуда қауқарлы ма? Бұл да әдістемелік тұрғыдан тұрлауы қиын мәселе.

«У» дыбысына қатысты да жоғарыдағы пікірді айтуға болады. «У»-ды w-мен таңбасымен белгілеп, таратып жазудың да оқытуда тудыратын қиындықтары жетерлік. Біріншіден, у дыбысының басқа түркі тілдерінде u-мен таңбалануы қабылдауды тежесе, екіншіден 70 жыл бойы у дыбысын таратпай жазып үйренген қазақ тілі иелмендерінің санасы бұған дайын емес. Бұл жерде елдегі әлеуметтік-саяси жағдай, тіл саясатын жүргізудің жай-күйі ескерілмей отыр деп ойлаймыз. Осы орайда профессор Н.Уәлидің «А.Байтұрсынұлы жазу-сызудың арқауы халықтық тіл болуы керек деген тұжырымды ұстанып, жазуды аз ғана оқығандардың емес, көпшіліктің білім, тәрбие құралына айналдыру, яғни жазу-сызуды демократияландыру қағидасын дәйекті түрде жүзеге асыруды, даналықтың дәнін себуді мақсат етті» дей келіп, «жазу-сызу ат төбеліндей аз ғана элитарлық топтың ғана емес, күллі халықтың игілігіне айналуы тиіс» деген тұжырымын келтіре кеткенді жөн санаймыз [5].

Қазақ жазуы өз тарихында бірнеше отарлау саясатын бастан кешірді. М.Мырзахметұлы «Қазақ қалай орыстандырылды?» атты еңбегінде түркі халықтары жазуына қиянаттың әуелі арабтар тарапынан жасалғанын, олардың қабырстандағы, сынтастардағы ойма жазуларға дейін тауып, өшіргенін, сөйтіп екі жарым жыл бойы халыққа қызмет еткен жазуын жойып, орнына араб жазуын енгізгенін мысалдар келтіре отырып жеткізеді. Сондай-ақ ғалым «XIII ғасырдың басында дәл осындай басқыншылық жорығын жасаған монғолдар тілге, дінге, салт-санаға өз іздерін қалдыра алмады. Қалдырса да ол мүлде әлсіз болуы себепті бізге жетпеген тәрізді. Монғол шапқыншылығының екпіні арабтардан мүлде күшті әрі кең өрісті болып келсе де, олар халықтың тарихи жадын жою тәрізді идеологиялық мақсат қоймай, тек саяси мақсатпен шектелген» деп атап өтеді [6]. Одан кейінгі Ресей империясының, Кеңес одағының отарлау саясаты мен оның бүгінгі нәтижесі баршамызға айтпаса да белгілі.

Осы орайда, бірнеше отарлау саясатын бастан кешіріп, бірнеше өзге тілдің әліпбиінің тезіне түскен қазақ жазуын қайта латынның қалпына салғанда оның бар жоғалтқан жауһарын қайтарамыз дегеніміз бос қиял емес пе деген ой туады. Нағыз тіліміздің табиғатына сай, ұлттық кодымызды оятатын жазу көне түркі жазуы болса керек. Ұлт зиялыларының, кейбір тілші ғалымдардың көне түркі жазуын көксеуінің мәні де осыда. Алайда қазақтың бағы ма, соры ма, көне жазуымыз отарлау саясатының құрбаны болып, латын графикасы секілді даму эволюциясын басынан өткермеді. Сондықтан түркі жұртшылығына жұғымды болған латын графикасын тіліміздің табиғатына сай, халқымыздың қолдануына ыңғайлап беру бүгінгі ұрпақ еншісіне тиіп отыр. Олай болса, профессор Қ. Күдерінова айтқандай, «жазба тіл қазақ тілінің өзі бола алмайды», ал әліпби бар болғаны «тілдегі барлық фонемалардың шартты таңбаларының белгілі тәртіппен орналасқан жиынтығы» [5] ғана екенін ескерсек екен.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 <https://tilalemi.kz/article/1348-.html>
- 2 <http://anatili.kazgazeta.kz/?m=20200411>
- 3 anatili.kazgazeta.kz/?p=56990
- 4 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Ш. Құрманбайұлы,
- 5 С. Исақова, Б. Мизамхан, Г. Әлімбек, Г. Мамырбекова, Д. Боранбаев. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 596 б.
- 6 Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. -410 б.
- 7 Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы, 2010. -400 б
- 8 <https://kaz.tengrinews.kz/article/alpbi-degen-ne-grafika-degen-ne-orfografiya-1033/>